

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

12. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі //www.edu.gov.kz
13. «Бала асырап алу, соның ішінде шетел азаматтарының бала асырап алуы туралы мәліметтер» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2006 жылғы 28 желтоқсандағы №79 бұйрығы.//www.procuror.kz
14. Гагская конвенция 1993г. «О защите детей и международном сотрудничестве в области межгосударственного усыновления»//www.edu.gov.kz.
15. Бала құқығы туралы Конвенция 20.11.89ж.//www.edu.gov.kz

УДК 343.7/3

ТАУ-КЕН НЕМЕСЕ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН БҰЗУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Тұймаханов Толкын Исрайлович

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 2-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: з.ғ.д., профессор Қ.Ж. Балтабаев

Әлем тұрғындарының артып келе жатқан қажеттіліктері материалдық құндылықтардың тұтастай өсіміне алып келеді, олардың көбісінің жасалуы мен өндірісі адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп-қатермен, табиғи ортаның ластану қауіптілігімен және басқа да табиғи салдарлардың туындауымен байланысты. Негізінен бұл құрылыс саласының өндірістік қызметіне қатысты.

Өндірістегі еңбекті қорғау азаматтардың еңбек құқықтарының аса маңызды конституциялық кепілдіктерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі кезде өндірістегі бақытсыз жағдайлардың өсуінің тұрақты тенденциясы байқалады. Кәсіпорындардағы жарақат алу мен адам өлімі корсеткішінің өсуі мамандардың есептеуінше жылыны 15-20% құрайды екен.

Соңғы кезде қазақстандық үкімет пен қоғам құрылыс саласындағы қауіпсіздік мәселелеріне қайта назарын аударды, бұл техногендік сипаттағы апаттармен негізделген, олар ауыр салдарларға әкеледі, соның ішінде адамдардың өліміне алып келеді. Оған жуырда болған жағдайды еске алсақ болады, Астанада құрылыстағы көтергіш кранның құлауы салдарынан 1 жұмысшы жарақат алды. Қазақстанның Төтенше жағдайлар министрлігі баспасөз-қызметінің хабарлауынша, қаланың Алматы ауданындағы Украина ұлттық орталығының құрылысында көтергіш кран құлап түсіп, бағаналы кранда жұмыс істеп отырған “Крансервис” компаниясының 42 жастағы жұмыскері де құлаған.

Қауіп-қатермен байланысты құрылыс қарқынының өсімі мемлекеттің қарамағынан жоғарғы қауіптілік көздеріне қатысты барынша қатаң қадағалауды талап етеді. Қылмыстық құқықтың нормалары әлеуметтік мінез-құлыққа әсер етудің тиімді құралдарының бірі ретінде әрекет етеді. Қазіргі кезде ҚР Қылмыстық кодексінде қауіпті жұмыстардың өндірісінің және жоғарғы қауіптілік көздерін пайдалану саласында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қажетті мүмкіндіктер бар, алайда, өкінішке орай, ол тәжірибеде қажетті жүзеге асырылуын таппады[1, б. 59].

Зерттеу жұмысының мақсаты арнайы қауіпсіздік ережелерінің бұзылуымен байланысты әрекеттердің әлеуметтік қылмыстануын зерттеу, қауіпті жұмыстарды жүргізу саласындағы қауіпсіздікке қол сұғу үшін жауапкершілікке қылмыстық жауапкершілік мәселелерін терең талдау, қылмыстық-құқықтық нормаларды жетілдіру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды өңдеу болып табылады.

Жоғарғы қауіптіліктің көзін қолдану тәжірибедегі адамның онымен белгілі бір өзара әсерлесу технологиясын анықтайтын, нақты ойластырылған және негізделген әрекеттердің

реттілігін білдіреді. Бұл объективті себептермен негізделген, олар заңнамалық ережелермен бекітілген, олардың белгіленуі үшін арнайы қауіпсіздік ережелері қолданылады.

Адамның құрылыстық жұмыстармен әсерлесуін тәртібін анықтайтын арнайы қауіпсіздік ережелерін келесідей негізгі құрамдарға бөлуге болады: 1) қауіпті нысандарды жасау, сақтау мен орналастыру және т.б. ережелері; 2) тікелей қолдану немесе олардың тағайындалуы бойынша тікелей қолданылуының ережелері; 3) адамның қауіпсіздік көздерімен әсерлесуіне қатысты сақтанудың шаралары, негізінен табиғи болмысты, нақты қызметте қолданылмайтын (мұндай ережелер стихиялардың қарамағынан мүмкін қауіптердің жойылуына бағыттала алады).

Бұл ретте олардың барлығы келесідей талаптарға жауап беруі тиіс: а) кез-келген өндірістік саладағы қауіпсіздік барлық қалған мақсаттар мен міндеттердің алдында басымдылыққа ие болуы қажет, сондықтан өндірістік орындарда жұмыс істеудің ережелері техникалық ерекшеліктердің ескерілуі мен қолданылуына емес, қауіпсіз қызмет ету шарттарының жасалуына негізделуі тиіс; б) қандай да болмасын жоғарғы қауіптіліктің ережелеріне қатысты болмасын, олар жұмыс істеудің объективті заңдылықтарына, шарттарына сәйкес келуі, адамның қабілеттерін және сол объектінің бақылаудан шығуын ескеруі қажет; в) егер объект жоғарғы беріктілігімен ерекшеленбейтін болса, онда оның қолданылуы біршама қауіптілікпен үйлескен болады, онда ережелер оператордың еркі мен мүмкіндіктерінен тәуелсіз олармен жұмыс істеудің жағымсыз салдарларын ескеруі тиіс; г) ережелер қауіпті объектілерді пайдаланумен байланысты зиянның келтірілуіне жауапкершілікті ескермеуі тиіс, егер тұлға орнатылған ұстанымдарға сәйкес әрекет еткен болса; д) құрылыс жұмыстарына арнайы оқудан өткен, қауіпсіздік ережелерімен танысқан тұлғалар жіберілуі тиіс; осы міндеттің шешілуінің тиімді нұсқасы лицензиялау тәртібі, объектінің қолданылуына келісімнің берілуі, онымен жұмыс істеуге рұқсатты рәсімдеу, қауіпсіздік ережесі бойынша нұсқаулықтан өту және т.б. [2, б. 83].

Қылмыстық құқықтың нормалары алдын алу құралы ретінде көрінеді, ол қауіпсіздіктің жағдайын құрылыс жұмыстарының ережелерімен әрекет етуші тұлғалардың әрекет етуін мәжбүрлеумен байланысты, ол орнатылған ережелердің қатаң тәртібінде жүргізіледі, сонымен мүмкін бұзылыстарды болдырмайды. Мұнда қылмыстық-құқықтық тыйым салулардың статикалық қызметі көрінеді, ол арнайы қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Қылмыстық-құқықтық ережелер арнайы қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы жүретін, қауіпті салдарлар пайда болатын жағдайларға есептелінген (адамдардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға және т.б. зиян келтіріледі). Бұл жағдайда қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу механизмі әрекет етеді, яғни динамикалық қызметі жүзеге асырылады. Қолдану процесінде санкциялардың бұзушыларына әлеуметтік әділеттілік, қоғамдық қатынастардың қалыпты қызмет етуі қалпына келтіріледі. Мұнымен бірге жағымсыз адам факторының нейтралдануының есебінен бұзылудың себебіне айналған, қауіпсіздік жағдайының деңгейі орнына келтіріледі.

Аталған құралдардың өзара әсерлесуінің жүйесі құрылыстық жұмыстардағы қылмыстық-құқықтық қамтамасыз етудің механизмін тудырады. Бұл ретте соңғысының қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық құқықтың нормалары арнайы қауіпсіздік ережелерінің қатарына жатқызылмайды, өйткені қауіпті объектілердің қолданылу тәртібін реттемейді, ал олардың сақталынуының құралы болып табылады.

Арнайы қауіпсіздік ережелерінің бұзылуымен байланысты қылмыстар өзінің табиғаты бойынша бір объектілік болып табылады. Олардың негізгі тікелей объектісі ретінде қауіпсіздік ережелерімен адамның қауіпсіз әрекет етуін қамтамасыз етуге бағытталған қоғамдық қатынастар көрінеді. Осы сынды әрекеттің жасалуында дене, материалдық немесе басқаша түрдегі зиянды келтіру қоғамдық қауіпсіздіктің бұзылысының түсінігімен қамтылады және қосымша объектісінің болуының негізделуін талап етпейді, ал мұнымен бірге ҚР ҚК Ерекше бөлімінің басқа баптары бойынша қосымша біліктіліктің болуын талап етпейді.

Арнайы қауіпсіздік ережелерінің бұзылысының құрамдарында жәбірленуші бір уақытта қылмыстың субъектісі болып табылады. ҚР ҚК 277 бабында қарастырылған әрекеттердің табиғаты мынада: оларда кінәлі тек өзіне ғана емес, қоршаған ортадағыларға да зиянын келтіреді. ҚР ҚК 277 бабына сәйкес, тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізудің қауіпсіздік қағидаларын бұзу, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Арнайы қауіпсіздік ережелерінің бұзылыстарына мыналарды жатқызуға болады: құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін бұзу; жарылыс қаупі бар нысандардағы қауіпсіздік ережелерін бұзу және өрт қауіпсіздігінің талаптарын бұзу. Берілген қылмыстар әлеуметтік-құқықтық болмыстың бірлігімен, ұқсас нысанмен, ұқсас объективті және субъективті белгілерімен сипатталады, құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі барлық басқа қылмыстық бұзылыстарға ортақ болып табылады.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдегі бұрынғы Қылмыстық Кодексі мен 2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданған жаңа Қылмыстық кодексіндегі қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауы бойынша тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу және сапасыз салынған құрылыс баптары бойынша салыстырмалы талдау жасап қарастырдым.

Жұмысымызды зерттеу барысында, жоғарыда көрсетілген баптар бойынша бірқатар айырмашылықтарды атап өтсек болады.

Біріншіден, тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу және де сапасыз салынған құрылыспен байланысты баптарының Қылмыстық кодексте орналасқан реттілік нөмеріндегі басты айырмашылық. Яғни, ҚР-ның 1997 жылғы Қылмыстық кодексінде тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзуға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар 245 бапты қамтыса, ал жаңа Кодексте бұл бап 277 бапта көрсетілген. Ал, құрылыс ұйымдары басшыларының, жұмыс жүргізушілердің және құрылыстың сапасын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың сапасыз салынған, аяқталмаған, шарттың және жобалау құжаттамасының талаптарына сәйкес келмейтін ғимараттар мен құрылыстарды, автомобиль жолдарын, тоннельдерді, электр станцияларын, тұрғын үйлерді немесе өзге де құрылыс объектілерін пайдалануға тапсыруы және (немесе) пайдалануға қабылдау әрекеттерімен ұштасқан қылмыстық құқық бұзушылықтар, сапасыз салынған құрылыс атауымен 1997 жылғы ҚК-те 245-1 – бапты, ал 2014 жылғы кодексте 278-бапта қамтылған.

Екіншіден, бұл баптарға белгіленген жазаның түрі мен мөлшерін анықтайтын санкциясында. Ескі Кодекстің 245 бабында, тау-кен, құрылыс жұмыстарын жүргізгенде қауіпсіздік ережелерін бұза отырып жүзеге асырылса және де егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соғу әрекеттерімен көрініс тапса - бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланса, жаңа Қылмыстық Кодекстің 277 бабында белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Талданып отырған баптағы қылмыстық іс-әрекеттер абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғу жағдайларымен ұштасса, онда 1997 жылғы кодекс

бойынша үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, ал 2014 жылғы Кодекстің санкциялық шегі белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің «сапасыз салынған құрылыс» бабында абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауыр зиян келтіретін әрекеттерге, ескі Кодексте (245-1-бап) бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл, екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыру деген жазаның шегі белгіленсе, ал осы жағдай бойынша жаңа Кодексте (278-бап) белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ауырлататын мән-жай бойынша, абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекеттер – ескі кодексте мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылса, жаңа кодекс бойынша белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соқтырған әрекеттерге санкциялық мерзім мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы ескі кодексте көрсетілсе, жаңа кодекске белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген.

Үшіншіден, тағы бір ескеретін жағдай, «тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу» атты бабында ауырлататын мән-жайға байланысты жаңа Кодекске үшінші тармақшаның енгізілгендігінде. Онда іс-әрекет абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соғатындай жағдай туындайтын болса, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қауіпсіздік жүйесінің қызмет етуінің мәні адамдардың денсаулығы мен өміріне қол сұғушылықты болдырмауды қамтамасыз етуге, жеке және заңды тұлғалардың мүлктік қызығушылықтарын қамтамасыз етуге негізделеді. Сырттан қауіптің факторлары болмаған кезде бұл элементтер қорғаушылық күйінде болады, оларды қауіпті әрекет етуінің қауіптілігі пайда болған жағдайда, қорғалғандық күйі жоғалады. Қауіпсіздікке қатер үнемі дерлік жағымсыз салдарлардың пайда болуына әкелмейді. Қауіптілік оның детерминациясының алғашқы сатысында жойыла алынады, мысалы дер уақытындағы әрекеттердің нәтижесінде. Мұндай жағдайда қауіпсіздік бірінші бұзылады, ал кейін қалпына келтірілетін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Қылмыстық Кодексі. 2014 жыл 03 шілде

2. Евдокимов А.А. Понятие специальных правил безопасности / А.А. Евдокимов // Право: теория и практика. 2010 г. № 6–7 – 0, 5 п.л.
2. Евдокимов А.А.. Нарушение специальных правил безопасности в уголовном праве / А.А. Евдокимов / под ред. А.И. Чучаева. М.: Проспект, 2012. – 9, 5 п.л.

УДК 341.1

ТОРГОВОЕ ПРАВО ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА

Тулегенова Гульханым Нурлановна

gulkhanym_kz@mail.ru

Студентка юридического факультета кафедры международного право

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – старший преподаватель кафедры международного право,

PhD Куликпаева М.Ж.

Торговое право Европейского союза по своему существу содержит ряд правовых норм, целью которой является ссоздания и реализации внешней торговли Европейского союза. Сформировалось и развивалось торговое право в тесной связи с таможенным правом ЕС. При этом если таможенное право рассматривает вопросы тарифного регулирования, то торговое право сориентировано на нетарифных мер внешней торговли, которые включают в себя надзор над импортом и экспортом товаров, различные меры для поддержки экспорта товаров, субсидирование, также торговые барьеры и преференции.

Основой Европейского Союза является общий внутренний рынок, вокруг которого развивается и европейское право. По своему существу внутренний рынок предполагает отмену препятствий в свободе передвижения товаров, услуг и капитала между государствами-членами Европейского Союза. Неравенство в национальном праве осложняют процесс заключения трансграничных договоров, создают правовую неопределенность в договорных отношениях между хозяйствующими субъектами разных государств, ведут к увеличению транзакционных издержек, которые препятствует экономической интеграции и сотрудничеству стран Европы.

Регулирование внешней торговли Европейского союза осуществляется через нормы, которые были приняты на основе Договора о Европейском сообществе, из этого следует что, «торговое право Евросоюза» и «торговое право Европейского сообщества» идентичны[1, с. 169]. Также торговая политика Европейского союза основывается на источниках Генерального соглашения по тарифам и торговле, также на нормах учредительных актов и актов институтов, которые регулируют внешнюю торговлю.

«Договор о сообществе», о котором говорилось ранее, наделил Европейскую Комиссию правом вести переговоры, чтобы заключать торговые соглашения с третьими странами.

Основными источниками торгового права Европейского союза является: учредительные договоры, Единый европейский акт, Маастрихтский договор, Амстердамский договор также Ниццкий договор.

Системой источников торгового права Европейского союза включает два уровня это - наднациональный (общеевропейские документы, а также международные акты) и национальный (торговые кодексы и иные законы).

В наднациональном договорном праве ЕС происходит процесс становления наднационального правового регулирования основных видов коммерческих договоров: